

Түсінік хат.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында бала тілін дамытуға, олардың сөздік қорларын молайтуға, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін әрі күнделікті іс- әрекет кезіндегі тілдік қарым-қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән берілген. Яғни, мектеп жасына дейінгі кезеңде балалармен сөздік жұмысын жан-жақты жүргізу "Қатынас" білім беру саласының негізгі міндеттерінің бірі болып саналады. Сондықтан мектепалды даярлық тобының баласының еркін сөйлеп, өз айын анық жеткізе білуіне көмек болатын осы вариативтік компонентке, күннің екінші жартысында қайталау ретінде сауат ашу бағдарламасының тапсырмалары да кіріктірілген. Дыбыс, дауысты және дауыссыз дыбыстар, сөз, сөйлем, дыбыстық талдау, буын, сөзден сөйлем құрау сияқты қосымша материалдар қоланылады.

Балалармен сөздік жұмысын жүргізе отырып, оларды айналасындағы заттармен таныстырып, атын атай білуге, қасиеті мен сапасын, түр - түсін және пішінін ажырата білуге, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым, түсініктерін дамытуға және белсенді түрде тілдік қарым - қатынас жасай білуге үйретеді.

Балалардың сөздік қорын молайтуда ойынның, тапсырма жаттығулардың орны ерекше. Ойын арқылы балалардың сөздік қоры дамып, ауызша сөйлеу машығы тез игеріледі, таным белсенділіктері қалыптасады, сондай-ақ ақыл- ойы өсіп жетіледі.

Мақсаты:

- балалардың есте сақтау қабілеттерін дамыту, өздерінің ойын еркін жеткізе білуге тәрбиелеу;
- сөздік қорын байыту және белсендіру, байланыстыра сөйлеу тілін дамыту;
- туған тіліне, тарихына, мәдениетіне, салт-дәстүріне деген сүйіспеншілігін арттыру арқылы рухани - адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру;
- алған тілдік білімі мен дағдыларын жеке қарым-қатынас тәжірибесінде, күнделікті өмірлік жағдаяттарда қолдануға үйрету.

Мерзімі: аптасына 1 рет, 36 сағатқа, 1 жылға құрылған.

№	Тақырыптар	Мақсаты	Көрнекіліктер
1.	"Тіл әлеміне" қош келдің!	<p>Балалардың сөйлеу мәдениетін, есте сақтау қабілетін дамыту. Өз ойын ашық, түсінікті айтуға үйрету. Сурет арқылы сөйлем құрауға, буынға бөлу, дыбыстық талдау жасауды үйретуді жалғастыру. Ермексаз арқылы әріптерді салуға дағдыландыру. Тапсырмаларды орындау барысында бір - біріне көмек беруге, достық қатынасты нығайтуға көмектесу. Сауат ашу бағдарламасын қайталай отырып, сөйлеу мәнерін, есте сақтау қабілеттерін дамыту.</p>	<p>Күз мезгіліне байланысты суреттер. Оқуға керекті құрал - жабдынтардың суреті. Әріптердің үлгілері.</p>
2.	"Буын, дыбыс. Сөйлем".	<p>Буын, дыбыс туралы түсінік. Дыбыстан буын, буыннан сөз құрату. Сөзді буынға бөлу, буынның дыбыстық құрамын ажырату. Сөйлем туралы түсінік. Суретке қарап сөйлемдер құрау. Балалардың ой-өрісін, тілін дамыту. Ұқыптылыққа, әдептілікке тәрбиелеу. Саусақ моторикасын дамыту. Күз мезгілінің суретіне байланысты сөйлем құрап айту. Кірпі суретін бояу.</p>	<p>Күз мезгіліне байланысты сурет. Кірпінің суреті.</p>
3.	"Отбасы".	<p>Отбасы мүшелері туралы түсініктерін кеңейту. Отбасы тақырыбына сурет бойынша әңгіме құрауға, отбасы мүшелерін ажырата білуге, оларды құрметтеуге, сыйлауға тәрбиелеу. Өз отбасымен байланыстыра отырып, ондағы өз орнын білуді үйретіп, сөздік қорын дамыту. Балалардан өздерінің отбасы мүшелері туралы айтып беруін сұрау.</p>	<p>Отбасы туралы сурет. Балалардың өз отбасыларының суреттерінен көрме жасау.</p>
4	"Күз кереметі. Жемістер".	<p>Сурет бойынша әңгіме құрастыру. Жемістердің аттарын атап, ажырата білу. Жемістер туралы өлең үйретіп, жұмбақтар шешкізу арқылы сөздік қорларын толықтыру. Дидактикалық ойын арқылы жемістерді ажырату және атын атау.</p>	<p>Жемістер суреті, жемістер муляжы.</p>

5.	"Дауысты, дауыссыз дыбыстар".	Дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы түсінік беру. Олардың ерекшеліктерін түсіндіру. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату, сөзге дыбыстық талдау жасауды үйретуді жалғастыру. Фонематикалық естуді дамыту, парақшамен жұмыс істеу барысында ұқыптылыққа тәрбиелеу. Балаларды мейірімділікке, имандылыққа тәрбиелеу.	Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажыратуға көмекші құралдар (түрлі суреттер, көк және қызыл түсті қағаздар), парақша, қалам.
6.	"Сөз. Сөз тіркестері".	Сөз туралы алған білімдерін бекіту. Дыбыстарды анық жеткізе білуге үйрету. Сөздер арқылы сөз құрастыру, сөздердің айтылуына мән беру. Ертегі суреттері арқылы ертегі мазмұнын айтуға дағдыландыру. Мәдениетті, әдемі сөйлеуге тәрбиелеу.	Суреттер. Ертегі кейіпкерлерінің суреттері.
7.	"Күз ғажайыптары".	Балалар зерттеу жұмыстарын жүргізе отырып, күз мезгіліндегі өзгерістер, жапырақ туралы білімдерін кеңейтеді. Ізденімпаздық, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Зерттеу барысында жапырақтың құлауы, оның көлемі мен пішініне байланысты болатынын түсіндіру. Ағаштар мен жапырақтар туралы білімдерін нығайту.	Күз мезгілін бейнелейтін суреттер, жапырақ құрылымы, ағаш жапырақтары, дидактикалық материалдар.
8.	"Күз сыйы".	Табиғаттағы өзгерістер туралы балалардың түсініктерін қалыптастыру. Күз мезгілінің ерекшеліктері туралы сөйлем құрастырып, әңгімелеуге үйрету. Адамдар үшін жемістер мен көкөністердің маңызы туралы түсінік беру. Жапырақтардың түсінің өзгеруі, жемістердің пісуі туралы сөйлем құруға үйрету. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Адамдардың күзгі еңбектері туралы түсінік беру.	Күз мезгілінің суреті, жеміс, көкөніс суреттері.
9.	"Күз бояуы" Қастек Баянбаев.	Балалардың күз туралы түсініктерін жетілдіру. Балалардың өлеңді мәнерлеп оқу дағдысын дамыту. Өлең арқылы балалардың көңіл күйін көтеру, өлең оқу арқылы шығармашылыққа тәрбиелеу.	Күз мезгілінің суреті.

10.	Сурет бойынша әңгіме. "Тынымсыз тіл туралы ертегі".	Дыбыстық құрылымы әр түрлі үш және төрт дыбыстардан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасауды жетілдіру. Сөйлем туралы түсініктерін жетілдіру. Балаларды сөздегі дыбыстардың бірізділігін белгілеуге үйрету. Жуан және жіңішке дыбыстарды ажырата білуге үйрету. Байланыстыра сөйлеуге баулу.	Ертегі суреттері, сурет арқылы сөйлем құрастыру.
11.	"Күзгі орман".	Күз мезгілінің ерекшеліктерін суреттей білуге үйрету. Өз жұмыстарында күз мезгілінен алған әсерлерін бере білуге үйрету, түрлі ағаштардың (үлкен, кішкентай, биік, аласа, түзу, қисық) суреттерін сала білуге үйрету, сурет салу дағдысын дамыту, эстетикалық талғамды тәрбиелеу. Мақталы таяқша арқылы күзгі орманды бейнелеуге үйрету.	Күзгі орман суреті. Мақталы таяқша, гуашь, қылқалам.
12.	"Сөз тіркестері, сөз, буын, дыбыс".	Сөз тіркестері туралы түсінік беру. Сөз тіркестерін сөздерге, сөзді буынға, буынды дыбысқа бөле білуді үйрету. Дыбыс пен әріптің айырмашылығын ажырата білуге үйрету. Әріптерді танып білуге деген қызығушылықтарын арттыру. Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыта отырып, ойын - ойнау арқылы сөздік қорларын дамыту. Табиғаттағы түрлі дыбыстарды тыңдай отырып өздері дыбыстарды қайталау. Өздері білетін әріптерді ермексаз арқылы жасау және атау.	Табиғаттағы дыбыстардың аудиосы, күз мезгілінің суреті, дидактикалық материалдар, ермексаз.
13	"О, алақай, қыс келді!"	Балалардың қыс мезгілі және оның ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту. Қысқы табиғат көрінісі, қысқы ойын түрлерін атау. Өз ой – пікірлерін айтып, қуанышымен бөлісуге үйрету. Балаларды мүсіндеу іскерлік дағдыларына машықтандыру, мүсіндеуді меңгерту. Ұсақ қол моторикасын дамыту. Тұзды қамыр арқылы аққаланы мүсіндеу.	Қыс мезгілінің бейнесі, тұзды қамыр.
14.	Сөйлем құрылымы. "Аққала".	Сөйлем құрылымы туралы түсініктерін кеңейту. Екі, үш сөзден тұратын сөйлемдер құрату. Қыс мезгілінің ерекшеліктерін айта отырып, "аққала" суретін дәстүрден тыс әдіспен бейнелеуді үйрету. Қыс мезгілінің ерекше бейнесін қағаз бетіне түсіре білуге үйрету.	Қыс мезгілінің суреті. Аққала суреті. Көбік, гуашь, қағаз, қылқалам.

15.	"Менің Қазақстаным!"	Қазақстан Республикасы туралы түсінік беру. Балаларды Отанды сүйуге, Қазақстан Республикасының рәміздерін қастерлеуге, еліне, туған жерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру мақсатында олардың сөздік қорларын көбейтіп, танымдық қызығушылықтарын арттыру.	Қазақстанның картасы, елбасының суреті, Қ.Р. рәміздері,
16.	"Қысқы еңбек".	Адамдардың қысқы еңбегімен таныстыру. Үлкендердің еңбегін құрметтеуге баулу, балалардың қыс мезгілінде орындалатын еңбек түрлері туралы түсініктерін толықтыру. Қысқы еңбек түрлерінің пайдасын түсіндіру. Сурет бойынша әңгіме құрастыруды өмірмен байланыстыра білуге үйрету, ой-өрісін дамыту. Қысқы еңбектің пайдасын түсіндіру арқылы еңбексүйгіштікке баулу. Еңбекке қажетті құралдарды көре отырып, өздері қағаз және желім арқылы еңбек құралын жасау (күрек).	Үлкендердің еңбегі туралы сурет, қысқы еңбекке қажетті құралдардың суреті. Желім, қайшы, қағаз.
17.	"Қысқы тіршілік".	Қыстап қалатын құстар мен жануарлардың қысқы тіршілігі туралы әңгімелесу. Сурет бойынша әңгіме құрастыру. Аудио дыбыстарын тыңдай отырып, жануарлардың дыбыстарын ажырата білуді үйретуді жалғастыру. Видео көру арқылы жануарлардың қысқы тіршілігінен үзінділер көру. Жан - жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу.	Құстар мен жануарлардың мазмұнды суреттері. Аудио, видео таспалар.
18.	"Қыс" өлеңі.	Қыс мезгілі туралы түсініктерін кеңейту. Н.Аманжолованың "Қыс" өлеңімен танысу. Тіл байлықтарын, сөздік қорларын молайту, қиялдап ойлау және дәстүрден тыс әдіс - тәсілдерді (моно таблица) қолдана отырып балалардың шығармашылыққа деген қызығушылықтарын дамыту. Табиғатты аялауға, әсемділікті сезіне білуге, көре білуге, достыққа деген қарым - қатынастарын нығайтуға тәрбиелеу.	Қыс мезгілінің суреті, қыс мезгілінің еңбекке қажетті құралдары, қыстық киімдер.

19	"Қыстық киімдер" (дидактикалық ойындар).	Киімдер туралы түсініктерін кеңейту. Жыл мезгіліне байланысты киетін киімдер туралы әңгімелесу. Қыстық киімдер түрлерімен (баскиім, аяқкиім, сырткиім) таныстыра отырып, ұл бала мен қыз баланың қыстық киімдерін ажырата білуге үйрету. Өз-өзіне қызмет етудің қарапайым дағдыларын меңгерту. Ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Дербес ойындарда меңгерген қимылдарын беруге мүмкіндік беру. Түрлі киім атауларын (пальто, етік, құлақшын) атап айтуға үйрету, сөздік қорын кеңейту. Дыбыстарды және сөздерді анық айтуға үйрету.	Жыл мезгіліне байланысты киімдер суреттері, дидактикалық материалдар.
20	"Ұлпа қар".	Балалардың қыс мезгілі туралы түсінігін кеңейту. Қыс мезгілінің сұлулығын тамашалай білуге, табиғаттың ерекшелігін сезіне білуге, қоршаған ортамен танысу арқылы баланың ой - өрісін дамыту. Жапалақтап жауып тұрған қар ұлпаларының суретін тіс щеткасы арқылы үрлей отырып, бейнелеуге үйрету.	Жапалақтап жауған қардың суреті, қыс бейнесі. Тіс щеткасы, гуашь.
21	Жабайы аңдар. "Үш аю" ертегісі.	Балаларға ертегінің мазмұнын түсіндіре отырып, ертегіге деген қызығушылығын арттыру, ертегіні тыңдай отырып сөздік қорын молайту. Ертегі мазмұнын сұрақтар бойынша әңгімелету. Балаларды адамгершілікке, адалдыққа, бірін - бірі сыйлауға үйрету. өзіне берілген рөлді дұрыс дауыс ырғағымен ойнауға тәрбиелеу. Ертегіні қуыршақ театры арқылы тамашалау.	Жабайы аңдар туралы суреттер. Қуыршақ театры: "Үш аю".
22	"Аң аулау".	Аңшы туралы әңгімелеу. Аңшы сөзін жекеше, көпше түрде айтқызу. Сурет бойынша әңгімелесу. Аң аулау дәстүрінің қалыптасуы, құсбегі, қырандар иесі туралы айтып, қыран жабдықтарымен таныстыру. Тақтаға аңшылардың аңшылық кәсібінің көріністері бейнеленген суреттері, қыран бүркіттің, сондай - ақ қыран	"Аңшы" картинасы, аңшылыққа қажетті құрал - саймандар суреті. Жабайы аңдар суреті.

		баптағанда қолданылатын бұйымдардың (томаға, аяққап, балық бау, тұғыр, жем қалта, жем сауыт) суреттері арқылы балалардың аңшылық дәстүріне қызығушылығын ояту.	
23	"Қыс қызығы".	Қыс мезгілі туралы түсінігін кеңейту. Сурет бойынша әңгіме құрастыру. Қыс мезгіліне тән ерекшеліктерін ажырата білуге, өз ойын толық жеткізе білуге үйрету. Қысқы ойындарға қажетті құралдарды атау. Табиғатты аялауға, әсемдікті сезініп, көре білуге тәрбиелеу. Аққаланы дұрыс қалауға үйрету.	"Қыс қызығы" картинасы. Құрастырмалы аққала.
24	"Қысқы табиғат".	Қыс мезгілінің ерекшеліктері жайылы түсінік беру. Қысқы орманға саяхат жасау арқылы табиғатты бақылап, болып жатқан өзгерістерді байқауға, ерекшеліктерін ажыратып айта білу дағдыларын қалыптастыру. Сурет бойынша әңгімелету арқылы балалардың сөздік қорын молайту. Логикалық сұрақтарға жауап беруін, ойын арқылы балалардың ойлауын, есте сақтау қабілетін дамыту. Қысқы орманды, ағаштар, ұлпа қарлар, аңдар бейнесін жапсырту арқылы шығармашылық қабілетін, эстетикалық талғамын, саусақ моторикасын дамыту. Табиғатты сүйе білуге, аялауға, қорғай білуге, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Қысқы табиғат бейнесі, ұлпа қар қиындысы, аңдар бейнесі, желім, қысқы ойын түрлері, дидактикалық материал.
25	8 наурыз – Аналар мерекесі.	Аналар мерекесі туралы түсініктерін қалыптастыру. Сөйлемдер құрастыру. Ана тақырыбына өлеңдер оқу. Сөздерді анық айтқызу. Балалардың аналарын қуанту мақсатында ашық хат жасау.	Ана туралы өлең, шығармашылық жұмыс. Түрлі түсті қағаз, гүл үлгісі, желім.
26	"Жыл басына таласқан хайуанаттар" ертегісі.	Ертегіні айта отырып рөлмен ойнау, диалог сөздерді мәнеріне келтіре айта білуге, ойын арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту және сөздік қорларын молайтып, байланыстыра сөйлеуге үйрету. Ертегі мазмұны арқылы еңбек сүйгіштікке, адал достыққа тәрбиелей отырып жаңа технологияны игерту.	Ертегі желісі бойынша сахналық қойылым көрнекіліктерін дайындау.

27	"Наурыз – жыл басы".	Наурыз мерекесі туралы түсінік. Ұлттық ойындар туралы әңгімелеу. Наурыз мейрамы туралы түсініктерін кеңейту, сұрақтарға толық дұрыс жауап беру дағдыларын қалыптастыру. Сұрақ - жауап, жұмбақ шешу, өлеңдер оқу, көрініс қою барысында балалардың ой - өрісін дамыту. Балаларды ана тілін құрметтеуге, ұлттық киімдерді, мерекелерді қадырлеуге тәрбиелеу.	Наурыз мерекесі туралы бейне ролик. Киіз үй, ұлттық ою - өрнектермен әсемделген сырмақ, сандық, құрақ көрпе, қоржын, торсық бұйымдары
28	Малдың төлі. "Төлдер айтысы" ертегісі.	Ертегіні мазмұндау. Төлдер тақырыбына өлеңдер оқыту. "Төлдер айтысы" ертегісін рөлдерге бөліп, сахналау.	Ертегі желісі бойынша сахналық қойылым көрнекіліктерін дайындау.
29	"Буынға бөлейік".	Үй жануарлары туралы алған түсініктерін тереңдету. Үй жануарларының төлдерін ажыратып айтуға, олардың қалай дыбыстайтынын меңгерту. Үй жануарларын күтуге, қамқор болуға баулу, ересек адамдардың еңбегін құрметтей білуге тәрбиелеу. Сөздерді буынға бөлдіру. Олардың неше буыннан тұратынын анықтау. Қол жаттықтыру жаттығулары.	Үй жануарлары туралы слайд, аудио, видео таспалар.
30	"Әдемі көктем".	Көктем мезгілін сипаттау, балаларды табиғат тамашаларымен таныстыру. Табиғат ерекшеліктері мен өзгерістерін бақылау арқылы тілдерін дамыту, табиғатты аялауға, табиғаттың әсемдігін, сұлулығын көре, сезе білуге тәрбиелеу.	Көктем мезгілі туралы суреттер, құстардың суреттері, қызғалдақ гүлінің суреті.
31	"Менің сүйікті қалам".	Қала туралы әңгімелеу. Балаларға туған жерлері, Атырау қаласы туралы түсінік беру. Балалардың тіл байлығын, ой-өрісін, сөздерді байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту. Өз туған жерінің патриоты болуға тәрбиелеу.	Қала туралы, қаладағы әдемі ғиимарат, ескерткіштер туралы суреттер.
32	"Адал дос".	Қоршаған орта, достар туралы түсініктерін кеңейту. Сурет бойынша әңгіме құрастыру. "Дос", "достық" құндылығы туралы түсінік беру, Достарға деген мейірімді қарым-қатынасқа үйрету. Балалардың ауыз екі сөйлеу тілін, көру,	"Менің достарым" картинасы.

		есту, есте сақтау, ойлану қабілеттерін жан-жақты дамыту. Адал дос, достаса білуге, адамгершілікке, сыйластыққа, үлкенді сыйлай білуге, үйретіп тәрбиелеу.	
33	"Достық" мерекесі.	Балаларға 1 – мамыр Қазақстан халықтар бірлігі күні мерекесі екенін жеткізу. Ынтымақтыққа, достыққа, өз Отанын сүйуге, қорғауға, көп ұлтты халқымыздың тыныштығы мен бірлігін нығайтуға ат салысатын азамат болуға тәрбиелеу. Балалардың бірлік, ынтымақтастық туралы түсініктерін кеңейту. Мерекелік көңіл күйлерін көтеріп, өздеріне ұнайтын шар, жалаушаның суретін салдыру. Ойын арқылы әр ұлттың киімдерін ажырата білуге үйрету.	1- мамыр мерекесіне арналған сурет, әр түрлі ұлтардың ұлттық киімдері, дидактикалық материалдар, түрлі - түсті карандаш, шар.
34	"Ауыл - алтын бесігім".	Ауыл туралы әңгімелеу. Балаларға ауыл өмірі жайлы түсінік беру. Туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыра отырып өз ауылының мәртебесін көтеруге шақыру. Сөздік қорын молайту, дыбыстарды дұрыс айтуларын қадағалап, түзетіп отыру.	Ауыл бейнесі бейнеленген суреттер.
35	"Мен не үйрендім?"	Өткен әріптер мен дыбыстардың жазылуын, оқытуын пысықтау, байланыстырып сөйлеуге үйрету, жазуға қолдарын жаттықтыруды жалғастыру. Сөз, буын, сөйлем тақырыптарын қайталау. Тірек сызбалар арқылы сөйлемдер құрастыру, ребус, сөзжұмбақ шешу. Сөздерге дыбыстық талдау жасату арқылы ақыл-ойын, сөздік қорларын, байланыстыра сөйлеу дағдыларын дамыту. Ұйымшылдыққа, ұқыптылыққа баулу. Таза, ұқыпты жазуға тәрбиелеу.	Әріптердің үлгілері, қызыл және көк текше, әртүрлі мағыналы суреттер.
36	"Біз мектепке барамыз". Дидактикалық ойын: "Оқу құралдарын ата".	Мектеп туралы түсінік беру. Сурет бойынша әңгімелеу. Жыл бойы алған білімдерін бекіту. Сандар, әріптер туралы білімдерін бекіту. Оқу құралдарын қандай мақсатта пайдалану керектігін пысықтау.	Мектеп туралы бейне ролик, дидактикалық материалдар.